

## **Железин ауданы Михайлов ауылдық округінің Михайловка ауылында көшені қайта атау туралы**

Павлодар облысы Железин ауданы Михайлов селолық округі әкімінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 9 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 қыркүйекте № 6950 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Михайлов ауылдық округінің Михайловка ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2019 жылғы 13 желтоқсандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Михайлов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Железин ауданы Михайлов ауылдық округінің Михайловка ауылында "Ленин" көшесі "Астана" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Михайлов ауылдық округінің әкімі*

*А. Орынтаев*